**6В01707 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша**

# МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Семей - 2021

**МАЗМҰНЫ**

1. ТҮСІНІК ХАТ

2. БІТІРУШІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ

3. МББ КІРЕТІН МОДУЛЬ ТІЗІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕСІ

4. БЕКІТІЛГЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## Түсінік хат

## 6В01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ

Модульдік білім беру бағдарламасы 6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін қажетті құзіреттіліктерді меңгеруге бағытталған және барлық оқу кезеңдеріне арналған оқу модульдерінің бірігуі нәтижесінде құрастырылған.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Толыққанды білім алуға, сапалы кәсіптік білім алуға, қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы мәдениеттанушылық білімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіби қызметте қажетті мүмкіндіктерді құру. Қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін тиімді жұмыс істей алатын, мәдениетаралық және коммуникативті құзыреттілікті білетін, жоғары білім беру және педагогикалық құзыреттілік шеңберінде ақпараттық технологияларды пайдаланатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, қазіргі заманғы білімдермен өзін-өзі жетілдіруге тұрақты қажеттілігі бар өмірлік процесте филология саласы бойынша педагогикалық мәселелерді дербес және тиімді шешуге мүмкіндік береді.

### Модульдік білім беру бағдарламасының нормативтік сілтемелері

- ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 мемлекеттік бағдарламасы;
- ҚР БҒМ № 604 от 31.10.2018 ж. бұйрығына сәйкес Мемлекеттік жоғары білім берудің жалпы міндетті стандарты негізінде жасалды
- Студенттердің оқыту траекториясын қалыптастыру туралы Ереже. ҚазИГЗУ. Семей, 2013
- Профессиональный стандарт «Педагог». Приложение к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года.
- Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. пособие / под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана АОО Назарбаев интеллектуальной школы, 2016. – 56с.
- Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал.- Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2015.-58 б.

- ББ бойынша жыл сайын жұмыс берушілермен білім беру жүйесіндегі және еңбекпен қамтамасыз ету туралы мәселелер жөнінде семинар өткізіледі (№22 орта білім беретін мектеп-гимназия КММ). Орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары төмендегідей пәндерді енгізді: «Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту» пәніне қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сабақ жоспарларын құруды кеңінен қарастыру қажет. 2020-2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына енгізу;

**5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты:**

- Ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең;
- Жоғары білімді және педагогикалық құзіреттілік шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдана алатын;
- Мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерді меңгерген;
- Педагогика-психологиялық құзірет деңгейінде ББ сай біліктілікті игерген;
- Әлемдік деңгейдегі ғылыми-әдістемелік материалды өз тәжірибесінде қолдана алатын білік пен дағдыны тең меңгерген;
- Білім беру модульдері бойынша белгіленген бағыттарда игерген маман дайындау.

- ЖБП блогы модуліне (барлығы 56 кредит; міндетті – 51 кредит, таңдау – 5 кредит) бітіруші меңгеруге тиіс құзіреттіліктерді қамтитын білім беру мамандықтарына арналған жалпы білімдік пәндер енеді: қоғам дамуының заңдары және әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық негіздерін, сондай-ақ мәдени-тарихи құндылықтарды, информатика негіздерін, тілдік қатысым және салауатты өмір салты ұстанымдарын түсіну, елдің саяси өмірі туралы ақпаратты меңгеру.
- БП болгына міндетті компонент пәндері (МК) – 34 кредит; және таңдау пәндері (ТК) -78 кредит. Аталған пәндер модульдері келесідей құзіреттіліктер кешенін құрайды: терең ғылыми-теориялық және методологиялық білімді қамтитын кәсіби сапалардың қалыптасуы, қазақ тілі мен әдебиеті салалаларын меңгертуге бағытттайтын пәндер тізбегі.
- КП блогына мәндетті пәндер компоненттері (МК) – 22 кредит; және таңдау компоненттері (ТК) – 38 кредит. Аталған пәндер модульдері бітіруші меңгеруге тиіс негізгі және арнайы құзіреттіліктерді қамтиды: теориялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын кәсіби сапаны қалыптастыру, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерінің теориялық және практикалық маңызын қамтитын пәндер тізбегі.
- Студент теориялық оқу кезеңінде 240 кредитті меңгеріп шығады.
- МББ20 модульден тұрады.

**6В01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:**

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандарының ғылыми-теориялық біліктілігін арттырудың жаңа инновациялық тәсілдерін пайдалану;
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандарының ғылыми-теориялық біліктілігін арттыру;
- Ақпараттық технологиялар арқылы жаңа әдістемелерді меңгерту;
- Болашақ мамандардың педагогикалық және психологиялық құзіреттілігін дамыту;

**6B01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» маманы болашақта қызмет ете алады:**

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
- Қазақ – орыс, орыс-қазақ тілдерінің тікелей аудармашы;
- Ісқағаздарын жүргізуші;
- Тілші-әдебиетші ғалымы бола алады.
- Әдебиетші ғалым;
- Тележурналшы;

## 2. БІТІРУШІНІҢ КҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ

Еліміз жастардан Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді білікті мамандар күтеді. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің филология кафедрасы Елбасының болашақ үшін ұсынған бағдарламаларын межелей отырып, Республиканың парасаттылық мүмкіншіліктеріне лайықты үлес қосу, оқыту үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, 12 жылдық мектеп үшін жаңа тұрпатты мұғалімдерді, филолог мамандарды дайындау бағытында, жастарды жоғары рухани-адамгершілік, мәдени құндылықтар рухында тәрбиелеу мүддесінде қызмет етіп келеді. Аталған оқу орнының бітіруші түлектері білімді де білікті оқытушылардан дәріс алып, білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін шыңдайды.

Нарық жағдайында бітіруші түлектерге қойылатын **талаптар**:

- Бәсекеге қабілеттілігі;
- Білім беру сапасының жоғары болуы;
- Кәсіби шеберлігі;
- Әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Сондықтан «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің моделі төмендегідей құзіреттіліктермен анықталады. Алдымен, «модель», «бітіруші моделі», «құзіреттілік» терминдеріне тоқталсақ.

1. ***МОДЕЛЬ*** (фр.modele, лат.modulus - өлшем) – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі (бейнесі, сұлбасы, сипаттамасы, т.б.). біздің жағдайымызда бітіруші түлектің, яғни жаңа формациядағы жас маманның бейнесі.
2. ***БІТІРУШІ МОДЕЛІ*** – білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға.

Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияны тиімді енгізе алатын, қажетті өзгертулерді, түзетулерді жасай алатын, өз білімін толықтырып отыратын, ұдайы ізденіс үстіндегі инновациялық-технологиялық іс-әрекетті меңгерген маман.

Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылықпен сипатталады, педагогикалық әдебі жоғары, басқаны түсіне біледі. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздаушы, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін құрметтей біледі, ұстамды әрі салқын қанды ойлауға қабілетті. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілетті. Эрудициясы, жалпы мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам және көркемдік мәдениеті жинақталған. Ол саясаттағы, ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға

қызығушылық танытып отырады. Зиялы тұлға ретінде өз бойына адамзат мәдениетіндегі ең жақсы үлгілерді жинақтайды.

Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық ролін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман.

*3.* **ҚҰЗІРЕТТІЛІК** (латын тілінен аудармасы «competense» белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір) – ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзіретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.

Құзіреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, оның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзіреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Кәсіптік құзіреттілікті маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы, яғни жеке тұлғаның кәсіптік іс-әрекетті атқаруға теориялық білімі мен практикалық қабілеттерінің бірлігі негізіндегі даярлығы деп түсінеміз.

**6В01707 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының құзыреттіліктері:**

**1.ЖАЛПЫ БІЛІМДІЛІК құзіреттілік:**
**Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:**

-Кәсіби, соның ішінде кәсіпкерлік қызметте қолдану үшін құқықтық және экономикалық. экологиялық ақпаратты жүйелеу, жинақтау, тәжірибеде қолдану, ақпаратты нәтижеге жету үшін пайдалану. Экономикалық, экологиялық ақпаратты талдау, қорыту және кәсіби қызметте қолдану үшін қауіпсіздік нормаларын жүйелеу.

**Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:**

**Іскерлік пен дағдылар:**
- Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуының негізгі кезеңдерін білу;
- сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен тарихи өткен құбылыстар мен оқиғаларды салыстыру;
- халықаралық диалог пен рухани мұраға ұқыпты қарым-қатынастың практикалық әлеуетін анықтау;

- қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастырудағы тарихи білімнің негізгі рөлін негіздеу;
-қазіргі қоғамның өзара түсіністігі, төзімділігі мен демократиялық құндылықтары басымдықтарында өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- қоғам өміріндегі мәдениеттің мәні мен рөлін, құрылымы мен функцияларын, оның типологиясын, салаларға дифференциациясын, түрлері мен формаларын, мәдениеттің адамшығармашылық арналуын зерделеп, түсінуі тиіс;
- мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының тұтас бейнесін жасауға мүмкіндік беретін теориялық жүйелерді, ұғымдар мен санаттарды талдай білу және әлеуметтік-мәдени процестерді өрістету ерекшеліктерін көрсететін сипаттау ережелерін қалыптастыру;
- ғылыми дүниетанымның қалыптасуына ықпал ететін танымның ғылыми әдістерін қолдану;
-әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі саясаттану орнын көрсету;
- өз бетінше талдау, сыни-саяси ойлау;
- өз ой-өрісін дамыту және ой-өрісін кеңейту;
- философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;
- шындықты философиялық ұғыну ерекшелігін түсіндіру;
- дүниетанымды табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық пайымдаудың және зерделеудің өнімі ретінде негіздеу;
- әлемді ғылыми және философиялық таным әдістерін жіктеу;
- өзінің азаматтық ұстанымын жасап, қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілікті көтеру;
- серіктестің коммуникативтік ниеттерін, мәтін авторларын осы деңгейде түсінудің тұжырымдамалық негіздерін жүйелендіреді;
- сөйлеу/коммуникацияның формалары мен типтерін сәйкес коммуникативтік ниетпен салыстырады және таңдайды;
- тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдау және орынды пайдалану арқылы, олардың оқылатын тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, өзінің коммуникативтік ниеттерін білдіреді;

**Білім:**
- өркениет тарихындағы саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері;
- қазіргі саяси ғылымның бағыттары мен мектептері;
- қоғамның саяси өмірі;
- саяси жүйе және оның институттары;
- елдегі және әлемдегі саяси процестердің мәні.
-қазіргі Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарларын тарихи сипаттау мен талдаудың тәсілдері;

- қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктері мен маңызы;
- қазіргі әлемдегі адамның әлеуметтік және жеке болмысының құндылықтары ретінде негізгі дүниетанымдық ұғымдардың рөлі мен маңызы;
- этикалық шешімдерді негіздеу және қабылдау үшін медиатекстердің философиялық аспектілерін, әлеуметтік-мәдени және тұлғалық жағдайлар;
-мәдени кешендердің, құбылыстар мен оқиғалардың ерекшеліктері, агенттіктер мен мәдениет институттарының қызмет ету механизмдерінің ерекшеліктерін, анықталған фактілерді, әлеуметтік-мәдени үдерістердің даму үрдістері мен заңдылықтарын ғылыми ұғыну негізінде тұлғаның қалыптасуына олардың әлеуметтендіру әсері;
-өз ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени) жүзеге асыру мақсатында қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы коммуникацияларға қатысу, олар туралы этикалық дұрыс, мазмұнды толық, лексикалық-грамматикалық және прагматикалық барабар жағдайлар;
- белгіленген сертификаттық деңгейдің лексика-грамматикалық және прагматикалық материалын қолдана отырып, жалпы қабылданған нормаларға, функционалдық бағыттылығына сәйкес тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ресми мәтіндер.

**2.ЖАЛПЫ КӘСІБИ құзіреттілік:**

**ОҚЫТУ құзіреттілігі**:

**<u>Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:</u>**
- ауызша және жазбаша түрде өз ойын дұрыс және логикалық ойлап өз сөзімен жеткізу дағдыларын меңгеру, шешендігін дамыту;
- мектепте және университетте филологиялық пәндерді зерттеуге және оқытуға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейдегі тілде еркін сөйлеу;

**<u>Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:</u>**

**Іскерлік пен дағдылар:**
- өз бетімен білім алушылардың лингвистикалық қажеттілігі мен сұранымдарын ескере отырып сабақтарды құрайды;
- өз бетімен оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ қолданады;

• арнайы саладағы білімі мен дидактикалық білімдерін біріктіріп, тәлімгердің кеңесін не болмаса дайын әдістемелік нұсқаулық, ұсынымдарды есепке ала отырып дәстүрлі сабақ өткізеді;
• бастауыш мектеп жастағы балаларға мақсатты тілдерде (қазақ (Т2), орыс(Т2), ағылшын (Т3) коммуникация/байланыс жасау үшін бейімделу жағдайын жасайды (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер);
• әріптестерімен әрекеттесе отырып орта білімнің барлық сатыларында (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) оқыту сабақтастығы мен кіріктіру қағидаттарын есепке ала отырып сабақтарды жоспарлайды.

- Мұғалімнің кәсіби міндеті мен педагогикалық қызметінің жауапкершілігін сезіну, педагогикалық тапсырмаларды шешуде әртүрлі пәндер алған білімін қолдану, әлеуметтік ынтымақтастыққа қабілетті болу.

**Білім:**

• мектеп дидактикасының дәстүрлі ережелері кіріккен арнайы саладағы теориялық тұжырымдамасы;
• психология-педагогикалық ғылым саласындағы жаңа жетістіктері;
• оқытудың дәстүрлі технологиясын және оқытудың дидактикалық құралдарын, соның ішінде АКТ;
• бастауыш мектеп шақтағы балалардың физиология мен психологиялық ерекшеліктері;
• оқытудың дифференциялау және кіріктіру педагогикалық технологияны, дамыта оқытуды, құзыреттілік тәсілдеменің ерекшеліктері;
• тілдік құзыреттілікті дамытуды, білім алушылардың зерттеу дағдысын дамыту әдістерін;
• білім алушылардың экологиялық, кәсіптік, құққытық, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен қагидаттары;
• оқу үдерісінің стратегиялары мен жаңа модельдерін жобалау үшін педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау әдістері;
• мектеп, ортадан кейінгі және жоғары білімнің сабақтастығы мен кірігу механизмдері мен қағидаттары;
• заманауи тіл білімі мен лингвистика саласындағы ережелер мен теориялық тұжырымдамалар (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін);
• тілдерді оқыту парадигмасы, тілдер мен мәдениетті оқыту (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін);
• академиялық және кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін).

**ТӘРБИЕЛІК құзыреттілік:**

**Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:**
- ең жоғары әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарға, гуманистік педагогиканың идеяларына адалдық таныту.
- ағымдағы білім беру және ұйымдастыру құжаттамаларын (дидактикалық, тест және өлшеу материалдары және т.б.) дамыту, ұйымдастырушылық дағдыларға ие болу, жауапкершілікті болу.

**Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:**

**Іскерлік пен дағдылар:**
- педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды;
- білім алушылар тұлғасына сыйластықпен қарайды;
- білім алушылармен қарым-қатынаста демократиялық стильді ұстанады;
- жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларға берілгендігін білдіреді;
- жалпы адами және ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне баулиды;
- дискриминация, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді;

ерекше білім қажеттілігі бар тұлғаға (оралман балалар, Қазақстанның резиденті емес, аз ұлтты балалар, дарынды балалар, денсаулығы шектеулі балалар) педагогикалық қолдау көрсетеді;
- оқыту мен тәрбиеде көптілділік тәсілдемені жүзеге асырады;
- өзге өмір салтына, өзге мәдениетке толеранттілікті қалыптастырады.

**Білім:**
- мектептің педагогикасы;
- педагогикалық психология;
- мектеп жастағы балаларды тәрбиелеудің инновациялық технологиясы;
- оқу пәндерінің(пәндік сала) тәрбиелік әлеуеті ;
- Тәуелсіз Қазақстанның жалпы ұлттық құндылықтары мен білім мазмұнының біріктіру қағидаттары;
- білім алушыларда оң өзін-өзі бағалау, тілдерді оқу мүддесін, азаматтық бірдейлік пен лингвистикалық толеранттілікті қалыптастыру әдістемесі.

**Әлеуметтік-коммуникативтілік құзіреттілік:**

**<u>Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:</u>**
- Мұғалімнің кәсіби міндеті мен педагогикалық қызметінің жауапкершілігін сезіну, педагогикалық тапсырмаларды шешуде қарама-қарсылықты және қайшы пікірлерді жою, әртүрлі пәндер алған білімін қолдану, идеяларды таныс жүйеге ауыстыру, өз сөзімен жеткізу, әлеуметтік ынтымақтастыққа қабілетті болу, **әріптестерімен бірлесе білім алушыларға қолайлы орта құру.**
- Әлеуметтік жеке тұлға ретінде мінез құлығын қалыптастыру арқылы жүйелі –мақсатты шешім қабылдауға дайын болу, мүмкіндіктер туғызу және нәтижелер жасау.

**<u>Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:</u>**

**Іскерлік пен дағдылар:**
• өз бетімен білім алушыларды қосымша білім жүйесіне тартады;
• білім үдерісі субъектілерімен өзара әрекеттесуді ұйымдастырады;
• оқу-тәрбие үдерісіне кәсіби қоғамдастықтардың, құқық органдарының, медициналық әлеуметтік қызметтерінің, балалар, жасөспірімдер қозғалыстарының, жастар ұйымдарының, қоғам және саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдарының және т.б. өкілдерін тартады.
• ауызша және жазбаша түрде өз ойын дұрыс және логикалық ойлап жеткізу дағдыларын меңгеру, шешендігін дамыту;
• Әлеуметтік жеке тұлға ретінде мінез құлығын қалыптастыру арқылы жүйелі –мақсатты шешім қабылдауға дайын болу.

**Білім:**
• кәсіптік коммуникация мен коммуникацияның психологиялық негіздері;
• кәсіптік қоғамдастықта, оның ішінде желілік қоғамдастықта ынтымақтастықтың әдістері мен түрлері;
• әр түрлі әлеуметтік топтармен қатынас жасау түрлері мен әдістері (сыртқы стейкхолдерлер білімі; кәсіптік көшбасшылықтың негіздері.
•мектепте және университетте филологиялық пәндерді зерттеуге және оқытуға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейдегі тілде еркін сөйлеу.

**3.АРНАЙЫ құзіреттілік:**

**ӘДІСТЕМЕЛІК құзіреттілік:**
**<u>Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:</u>**
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлау және жүргізу, дәстүрлі және инновациялық технологиялар; психология, педагогика және филология ғылымдарының жаңа жетістіктері туралы ақпараттарды таныту, еске түсіру;
- Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша алған ғылыми-теориялық білімін, бағалау жүйесін өз тәжірибесінде тиімді пайдаланады, оқытудың жаңа технологияларын білім беру үдерісінде еркін қолданады, **өз бетімен кәсіптік біліктілікті арттыруды жоспарлайды;**

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық тәсілдерді (соның ішінде АКТ-технологиялар) қолдану арқылы өздігінен кәсіби білім ала отырып, көшбасшылық және педагогикалық шеберлік дағдыларын дамытады.

**<u>Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:</u>**

**Іскерлік пен дағдылар:**
- өз бетімен кәсіптік біліктілікті арттыруды жоспарлайды;
- өз бетімен интернет көздерінен ақпаратты таңдайды;
- тәлімгердің жетекшілігімен білім алушыларда іскерлік дағдыларды қалыптастыратын әдістерді және тәсілдемелерді анықтайды;
- тәлімгердің жетекшілігімен белгіленген мақсатқа немесе нұсқаулық пен талаптарға сәйкес оқу материалдарын әзірлейді;
- әріптестерімен бірлесе білім алушыларға қолайлы орта құрады.
- ең жоғары әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарға, гуманистік педагогиканың идеяларына адалдық таныту.

**Білім:**
- қосымша білімді меңгеру деңгейін анықтау әдістері;
- кәсіби дамудың жеке жоспарын жүзеге асыру әдістері;
- педагогикалық жағдаяттық міндеттерді құру әдістері мен қағидаттары;

• оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу әдістері мен қағидаттары;

• пәндік-тілдік оқытудың технологияларын есепке ала отырып оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері (көптілді бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқытушылар үшін).

**ЗЕРТТЕУШІЛІК құзіреттілік:**

**Аяқтағаннан кейін түлек қабілетті:**

- Қазақ тілінің салалары мен қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері бойынша негізгі ұғым-түсініктерді, теориялық қағидаларды түсіндіру және ақпаратты нәтижеге жету үшін пайдалану;
- қазақ, әлем әдебиеттерінің негізгі даму кезеңдерін біледі, олардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата алады;
-Көркем шығармалармен оқу үрдісінде танысу арқылы эстетикалық сана мен қызметтің нысандары, эстетикалық қажеттіліктері, өнер туындыларының түрлері мен жанрларын анықтау, жіктеу және сипаттау,түпнұсқасы бірдей нысандарды қайта құру,жаңа тұтас мазмұндар тудырып, мүмкіндіктер туғызу және нәтижелер жасау;
-Тілдің функциялары, тіл мен ойлаудың арақатынасы, қоғамдағы тілдің рөлі, тілдік универсалдар мен тілдің даму заңдылықтары туралы негізгі түсініктерді меңгеру,түсіндіру, идеяларды таныс жүйеге ауыстыру, өз сөзімен жеткізу, өз бетімен интернет көздерінен ақпаратты таңдау;

**Ол үшін түлекте келесідей іскерлік, білім, дағдылар болуы керек:**

**Іскерлік пен дағдылар:**

• өз бетімен білім алушылардың жеке ерекшеліктерінің диагностикалау нәтижелерін қолданады;

• әріптестерімен өзара әрекеттесе білім алушылардың қиыншылықтары мен қажеттілігін анықтайды;

• әріптестерімен бірлесе тәжірибені зерттеу мәнмәтінінде кері байланыс әдістерін қолданады;

• тәлімгердің жетекшілігімен білім ортасының зерттеуін жоспарлайды және өткізеді;

• ағымдағы білім беру және ұйымдастыру құжаттамаларын (дидактикалық, тест және өлшеу материалдары және т.б.) дамыту, ұйымдастырушылық дағдыларға ие болу, жауапкершілікті болу.

**Білім:**

• білім ортасын зерттеу әдістері мен қағидаттары, білім тәжірибесін зерттеу;

• педагогикадағы зерттеу әдістері;

• білім алушылардың әрекетін психологиялық-педагогикалық бақылау.

**Кесте 1. Арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыру барысындағы пәндерді игеру реттілігі**

| № | Құзіреттілік | Таңдау пәндер тізбегі | | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| | | **Пәндер тізімі** | **Оқыту тізбегі (сем.)** | |
| **ЖБП пәндері** | | | | |
| 1 | Жалпы білімділік құзіреттілік | Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері | 2 | **Білу керек:** Кәсіпкерлік қызметтің негізгі элементтерімен, коммерциялық мәмілелерді ұйымдастырумен, қоғамдағы бизнестің қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттеумен байланысты мәселелер қарастырылады.<br>**Игеру керек:** Экономика негіздері- экономикалық процестер, экономикалық заңдар, санаттар, өндіріс туралы білім жинақтайды. |
| 2 | Жалпы білімділік құзіреттілік | 1.Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениет негіздері | 2 | **Білу керек:** Жемқорлықтың негізгі мәнін және пайда болу факторлары туралы кешенді білім алу.<br>**Игеру керек:** Жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіре отырып, моральдық таңдау және қызығушылықтар арасындағы шиеленісті талдау |
| 3 | Жалпы білімділік құзіреттілік | 2.Өмір қауіпсіздігі және экология негіздері | 2 | **Білу керек:**<br>Қоршаған ортаны және биологиялық ресурстарды сақтау.<br>**Игеру керек:**<br>Өмір қауіпсіздігі және экология туралы білімді игереді. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Базалық пәндер** | | | | |
| 1 | Арнайы құзіреттілік | 1.Тіл біліміне кіріспе | 3 | **Білу керек:**<br>- тіл білімінің салары мен зерттеу объектісін;<br>- тілдердің классификациясы мен типологиясын.<br>**Игеру керек:**<br>- тіл білімінің негізгі зерттеу әдістерін пайдалану;<br>- тіл білімі саласында меңгерген білімдерін тәжірибе және ғылыми зерттеу барысында қолдана алу. |
| 2 | Арнайы құзіреттілік | 2. Тіл теориясы | 3 | **Білу керек:**<br>- тіл білімінің салалары мен зерттеу объектісін;<br>**Игеру керек:**<br>- пәнді оқу кезінде қалыптасқан білім, білік, дағдыларды кәсіби әрекетінде ұтымды қолдана білу. |
| 3 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | 4 | **Білу керек:**<br>-қазақ тілі дыбыстық жүйесінің зерттелу тарихын; -фонетиканың салаларын, фонетикалық бірліктерді;<br>-фонетикалық зерттеулердегі қолданылатын әдістерді; -фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамалардың жіктелу ерекшеліктерін.<br>**Игеру керек:**<br>-тілдік қатысымды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, заңдылықтарын негіздеп оқытатын ғылыми курстың қағидаларын саналы игеріп, тәжірибеде қолдану. |
| 4 | Арнайы құзіреттілік | 2.Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы | 4 | **Білу керек:**<br>-қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесін дыбыс жасалымы, дыбыс айтылымы, дыбыс естілімі тұрғысынан талдап, сипаттау.<br>**Игеру керек:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | -эксперимент әдістерінің нәтижесінде дәстүрлі фонетикаға енген ұғымдар мен атаулар жүйесін меңгеріп, кәсіптік іс-әрекетте пйдалана білу; |
| 5 | Арнайы құзіреттілік | 1.Әдебиеттануға кіріспе | 4 | **Білу керек:** Әдебиеттің ғылым ретінде дамуы, көркем шығарма құүрылысы, мазмұны мен пініні, тақырып пен идея, өлең құрылысы, теориясы, жанр дамуы туралы түсінік алу..<br>**Игеру керек:** -әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту; Студенттер әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысады. Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін игеріп, әдебиет пен фольклорды зерттеуге қажетті біліммен қаруланады. Өз бойында көркемдікті танитын талғам қалыптастыра отырып, әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді. |
| 6 | Арнайы құзіреттілік | 2.Қазіргі әдеби үрдіс | 4 | **Білу керек:**<br>-әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысады;<br>**Игеру керек:** -әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту;<br>-әдеби даму процесі, оның заңдылықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік тұрғыда қабылдай білу; |
| 7 | Арнайы құзіреттілік | 1.Халық ауыз әдебиеті | 3 | **Білу керек:**<br>-Фольклордың өзіндік табиғатын меңгереді; -Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады;<br>**Игеру керек:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | -Қазақ фольклорының көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына әсер-ықпалын бағамдай білуге үйренеді; |
| 8 | Арнайы құзіреттілік | 2.Фольклористика тарихы | 3 | **Білу керек:**<br>-Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады;<br>**Игеру керек:**<br>-қазіргі фольклортанудың өзекті мәселелерімен таныс болады; -теориялық білімді практикада қолдана білуді үйренеді; |
| 9 | Арнайы құзіреттілік | 1.Ежелгі дәуір әдебиеті | 4 | **Білу керек:** «Ежелгі дәуір әдебиеті» курсы -қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс - тіршілігімен танысу.<br>**Игеру керек:** Ежелгі жазба ескерткіштер. XII әдеби ескерткіштер, XIY ғасыр әдебиеті туралы білім алады. |
| 10 | Арнайы құзіреттілік | 2. Ежелгі жыр-аңыздар | 4 | **Білу керек:** «XIII-XIY ғасырлардағы қазақ әдебиеті» курсы -қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс - тіршілігімен танысу. **Игеру керек:** Ежелгі жазба ескерткіштер. XII әдеби ескерткіштер, XIY ғасыр әдебиеті туралы білім алады. |
| 11 | Арнайы құзіреттілік | 1.Хандық дәуір әдебиеті | 5 | **Білу керек:-** Жыраулардың өмірінен мәлімет беру;<br>**Игеру керек:** Жырауларлардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу. Поэзиялық мұрасына әдеби талдау жасай алуға үйренеді |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | Арнайы құзіреттілік | 2. Қазақтың билер мен шешен-ділмәрлары | 5 | **Білу керек:**<br>-Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет жайындағы ғалымдардың айтылған пікіріне сараптама жасай білу;<br>**Игеру керек:** Жырауларлардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу. |
| 13 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы | 5 | **Білу керек:**<br>-Лексикологияның негізгі бірліктерін;<br>-сөздің негізгі ерекшеліктері мен атқаратын қызметін;<br>**Игеру керек:**<br>- Лексикология мен сөзжасам теориясы туралы ғылыми еңбектерді өзбетінше қолдана алу; |
| 14 | Арнайы құзіреттілік | 2.Қазақ тілінің семантикасы | 5 | **Білу керек:**<br>-лексикология салаларын – семасиологиясын, фразеологиясын, диалектологиясын, лексикография, этимология және т.б.;<br>**Игеру керек:**<br>- тіл білімі салалары бойынша меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдана білу;. |
| 15 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | 6 | **Білу керек:**<br>-грамматиканың салаларын, сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаттарын білуі;<br>**Игеру керек:**<br>-Практикада алған теориялық білімдерін сауатты қолдану; |
| 16 | Арнайы құзіреттілік | 2.Қазақ тілінің морфемикасы | 6 | **Білу керек:**<br>-әр сөз табының грамматикалық ерекшеліктерін білуі керек;<br>**Игеру керек:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | -грамматикалық категорияларға қатысты пікірлердің дұрысын және грамматикалық ұғымдардың тәсілдері мен негізгі әдістерін қолдану. |
| 17 | Арнайы құзіреттілік | 1.XIX ғасыр әдебиеті | 6 | **Білу керек:**<br>-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табиғатын меңгеру;<br>-XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында аталмыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсуі туралы мағлұмат беру;<br>**Игеру керек:**<br>-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табиғатын меңгереді;<br>-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады; |
| 18 | Арнайы құзіреттілік | 2. Зар заман әдебиеті | 6 | **Білу керек:**<br>- Ағартушылық бағыттағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында аталмыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсуі туралы мағлұмат беру;<br>**Игеру керек:**<br>-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады; |
| 19 | Арнайы құзіреттілік | 1.XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті | 7 | **Білу керек:**<br>- XX ғасыр басы Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең екендігі;<br>**Игеру керек:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | - студенттерге кезеңдік әдебиет ерекшелігін түсіндіру үшін пән аралық байланысқа аса мән беру; |
| 20 | Арнайы құзіреттілік | 2. Алаш әдебиеті | 7 | **Білу керек:**<br>әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуынынң жайынан мәліметтер білуі керек;<br>**Игеру керек:**<br>-қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі мен шығармагер тұлғалардың дербес ізденістерін айқындау мақсатында өзге ел әдебиеті тарихымен салыстыра сипаттау; т.б. |
| 21 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазіргі қазақ әдебиеті | 7 | Білу керек: тарих пен әдебиет сабақтастығын; -әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үйренеді;<br>**Игеру керек:**<br>-әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үйренеді; |
| 22 | Арнайы құзіреттілік | 1. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті | 7 | **Білуі керек:**<br>-тарихи прозаны талдап, салыстыра зерттеу жұмыстарын жүргізуге қалыптасады;<br>**Игеру керек:**<br>-қазақ әдебиеті өкілдерінің алдына қойған мақсат-міндеттерін түсіну; |
| 23 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі | 7 | **Білуі керек:**<br>-қазақ тілі грамматикалық жүйесінің зерттелу тарихын;<br>-синтаксистің салаларын, синтаксистік бірліктерді;<br>**Игеру керек:**<br>-теориялық білімдерінің негізінде қалыптасқан студенттердің білік, дағдыларын жұмыс барысында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | оңтайлы қолдана білуіне мүмкіндік туғызу; |
| 24 | Арнайы құзіреттілік | 2. Қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар | 7 | **Білуі керек:**<br>-сөз бен сөздің байланысу тәсілдері мен байланысу формаларын меңгеру;<br>-сөйлем түрлері, олардың ерекшеліктерін ажырату, жасалу тәсілдерін талдап, сипаттау.<br>**Игеру керек:**<br>-теориялық білімдерінің негізінде қалыптасқан студенттердің білік, дағдыларын жұмыс барысында оңтайлы қолдана білуіне мүмкіндік туғызу;<br>-қажетті тілдік әдістемелік білімдерді кәсіптік іс-әрекетте пйдалана білу; |
| 25 | Арнайы құзіреттілік | 1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы | 6 | **Білу керек:**<br>-сөзжасамдық негізгі ұғымдары мен зерттелуін; -сөзжасамдық тәсілдерді;<br>-туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымын; -туынды түбірлердің мағыналық байланысын;<br>**Игеру керек:**<br>-сөзжасам теориясы туралы ғылыми еңбектерді өзбетінше қолдана алу; |
| 26 | Арнайы құзіреттілік | 2.Қазақ тілінің тарихи сөзжасам жүйесі | 6 | **Білу керек:**<br>-сөзжасамдық ұя, тізбек, тарам, тип, жұп т.б. ұғымдарды; -сөз таптарының сөзжасамдық ерекшеліктерін білуі керек.<br>**Игеру керек:**<br>-пәнді оқу негізінде қалыптастырған білім, білік, дағдыларын кәсіптік іс-әрекетте ұғымды қолдана білу; |
| 27 | Арнайы құзіреттілік | 1.Жалпы тіл білімі | 7 | **Білуі керек:** Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | алатын орнын, олармен байланысын анықтау.<br>**Игеру керек:** Тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру. |
| 28 | Арнайы құзіреттілік | 2.Әлем тіл білімінің жаңа бағыттары | 7 | **Білуі керек:** Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау.<br>**Игеру керек:** Тіл теориясының даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру. |
| **Кәсіптендіру пәндері** | | | | |
| 1 | Арнайы құзіреттілік | 1. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы | 4 | **Білуі керек:**<br>- тілдің дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының негіздерін; грамматика курсының мақсаты мен міндеті, оның тілдік сипаттама (описательная) грамматикасынан айырмашылығы мен байланысы, тарихи лексикология мен этимология туралы мағлұмат алады.<br>**Игеру керек:**<br>- өз еркімен зерттеу жүргізе алу;<br>- тілдік талдаудың зерттеу әдістерін; Тілдің фонетикалық жүйесінің тарихы немесе тарихи фонетика жеке дыбыстардың немесе фонетикалық құбылыстардың өзгеру. |
| 2 | Арнайы құзіреттілік | 2. Қазақ тілінің тарихы | 4 | **Білуі керек:**<br>-когнитология теориясының негіздерін;<br>- таным мен ұғымдар жүйесінің байланысын;<br>**Игеру керек:** - теориялық талдау жасау; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Арнайы құзіреттілік | 1.Нормативті қазақ тілі | 5 | **Білуі керек:** Студенттердің мектеп қабырғасында меңгерген білімдерін тиянақтай білуі; сөз мағынасын терең түсіне білуі; дыбыстарды және сөйлемдерді құрамына, құрылысына жалпы грамматикалық сауатты талдай білуі; **Игеру керек:** Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан меңгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялы ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу. |
| 4 | Арнайы құзіреттілік | 2.Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі | 5 | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Білуі керек:** Сөз мағынасын терең түсіне білуі; дыбыстарды және сөйлемдерді құрамына, құрылысына жалпы грамматикалық сауатты талдай білуі; студенттердің мектеп қабырғасында меңгерген білімдерін тиянақтай білуі;<br>**Игеру керек:** Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан меңгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялы ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу. |
| 5 | Арнайы құзіреттілік | 1. Оқу сауаттылық негіздері | 6 | **Білуі керек:**<br>Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау, оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарынмеңгеру.<br>**Игеру керек:**<br>Мәтіндерді оқыту арқылы уақыт үнемдеу негізінде оқу сауаттылығының тиімді жолын ұсыну; |
| 6 | Арнайы құзіреттілік | 2. Жазба жұмыстарының | 6 | **Білуі керек:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жаңаша негіздері | | Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау, оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарынмеңгеру.<br>**Игеру керек:**<br>Мәтіндерді оқыту арқылы уақыт үнемдеу негізінде оқу сауаттылығының тиімді жолын ұсыну; |
| 7 | Арнайы құзіреттілік | 1.Шетел әдебиеті | 6 | **Білуі керек:** Антикалық дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиетінің маңызы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті, халық шығармашылығы туралы білуі керек.<br>**Игеру керек:** Шетел әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді. |
| 8 | Арнайы құзіреттілік | 2.Түркі халықтары әдебиеті | 6 | **Білуі керек:** Әлемәдебиетініңтарихы,антикалық дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиетінің маңызы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті, халық шығармашылығы туралы білуі керек.<br>**Игеру керек:** Әлем әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді. |
| 9 | Арнайы құзіреттілік | 1.Абайтану | 7 | **Білуі керек:**<br>- Абай өмір сүрген ортаны, заман көрінісін, қоғамдық жағдайды білу;<br>**Игеру керек:** Ақын шығармашылығының нәр алған қайнар бұлақтарын білу; |
| 10 | Арнайы құзіреттілік | 2.Әдеби өлкетану | 7 | **Білуі керек:**<br>-Туған өлке топырағында өскен ірі әдебиет тұлғаларының мұраларын зерттеу; Абайдың ақындық дәстүрі мен қазақ әдебиеті тарихын байланыстыра білу; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | **Игеру керек:** Абайдың ақын шәкірттері өмірі мен шығармашылығын танып білу - Ұлы Абай даналығын түсінуге алып, барар бірден бір сара жол. |
| 11 | Арнайы құзіреттілік | 1.Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі | 7 | **Күтілетін нәтиже:** Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерйилерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.<br>**Білуі керек:**<br>-әдістеме ғылымының өзекті мәселелерін;<br>-оқытудың принциптері мен міндеттерін;<br>**Игеру керек:**<br>-оқытудың түрлерін; -көрнекті ғалым-әдіскерлердің мұрасын. |
| 12 | Арнайы құзіреттілік | 2.Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқыту әдістемесі | 7 | **Білуі керек:**<br>-әдістеме ғылымының өзекті мәселелерін; -оқытудың принциптері мен міндеттерін; -крийткерийді бағалау әдістерін.<br>**Игеру керек:**<br>-оқытудың түрлерін; -көрнекті ғалым-әдіскерлердің мұрасын;<br>-бағалаудың өлшемдік түрлерін игеру керек. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | Арнайы құзіреттілік | 1.Мектепте әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту әдістемесі | 8 | **Білу керек:**<br>-әдістеме ғылымының өзекті мәселелерін;<br>**Игеру керек:**<br>-теориялық ұғымдарды оқыту технологияларын; |
| 14 | Арнайы құзіреттілік | 2.Грамматиканы оқыту әдістемесі | 8 | **Білу керек:**<br>– Тіл білімі жөніндегі материалдардың мазмұнына қарай әдіс-тәсілдерді таңдай білу;<br>**Игеру керек:**<br>– Әдістемеде қолданылып келген кейбір ереже, анықтама түсініктер, терминдерді нақтылап, саралап көрсету. |
| 15 | Арнайы құзіреттілік | 1.Пунктуацияны оқыту әдістемесі | 8 | **Білу керек:**<br>-Тіл мамандарының орфография мен пунктуация ережелерін, орфография негізгі принциптерін, тіл жүйелі қоғамдық құбылыс болғандықтан, жұрттың бәріне<br>**Игеру керек:**<br>Орфография мен пунктуация ережелерін меңгеріп жазу тәжірибесін қазақ орфографиясы принциптеріне сүйеніп және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидаларын дұрыс пайдалануы; |
| 16 | Арнайы құзіреттілік | 2.Көркем мәтінді оқыту әдістемесі | 8 | **Білу керек:**<br>-Көркем мәтінді оқыту;<br>- сатылай кешенді талдау.<br>**Игеру керек:**<br>-Көркем шығарма тілінің лексика-семантикалық қабаттары және олардың қолдану ерекшеліктері |

**№2 кесте. Әлеуметтік-кәсіби өзара қарым-қатынасты пәндерді игеру тізбегі**

